

Мектепшілік бақылау 2023-2024 оқу жылы

Химия берілу жайы

Зерделеу барысында химия пәнінің ҚР мемлекеттік стандарт талабына сай берілу жайы, оқу бағдарламасының орындалуы, пән мұғалімдерінің кәсіби білігі, жаңартылған бағдарлама бойынша пән мұғалімдерінің сабақ беру процесі зерделенді.

Палимбетова Гүлзира Жұмабаевна Пәндік оқу бағдарламалар ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қараша №500 бұйрық негізінде ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж. №365; 30.09.2022ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрылған. Бағдарламалар оқу пәнінің базалық мазмұнына сәйкес жасақталған. Оқу жүктемесі 7-11 сыныптарда 365 бұйрық бойынша үлгілік оқу жоспары жасақталған. Төмендетілген оқу жүктемесі жоқ. 10-11 сыныптарда жаратылыстану - математика бағытында жаңартылған оқу жүктемесі қамтылған. 8 а,б,в, 9 а,б,в,10 а,б,в 11а,б қазақ сыныптарына 8д,9д,9е,9ж, 10д, 11д орыс сыныптарына Палимбетова Г.Ж сабақ береді. Білім сапасы-41,5% және орыс сыныптарында -57%.

11 сыныптарда ҰБТны 6 оқушы таңдап отыр. Орта балл 14. ҰБТ жоспары жасақталып, оқушылармен дайындық жұмысы нақты жүргізілмеген. Оқу бағдарламасы бойынша барлық сыныптарда ТЖБ мен БЖБ өткізіліп бағаланған. Барлық сыныптарға БЖБ мен ТЖБ талдаулары жасалған. БЖБ және ТЖБ папкалары жасақталған. Кейбір сыныптарда БЖБ тапсырмалары қиындық туғызатындай күрделі тапсырмалар берілген.

Мектепте оқу кабинетімен зертхана, 2 зертханашы жұмыс істеді. Кабинеттер мультимедиялық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Кабинеттің зертханалық құрылғылары бар, бірақ реактивтер құрамы аз. Практикалық жұмыстар мен зертханалық жұмыстар демонстрациялық және виртуалды зертхана жүрінде жүргізіледі. Бейорганикалық заттардан қышқылдар, оксидтер, гидроксидтер мен тұздар бар. Бірақ көпшілігі ескі, жаңартуды қажет етеді. Органикалық қосылыстардың көпшілігі жоқ. Кабинеттегі интерактивті тақта жұмыс жасап тұр.

11.12.2023 күні 9 «Б» «II А топша жер сілтілік металдары» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Сабаққа 28 оқушының 18 қатысты. Оқушыларға өтілген материалды қайталау мақсатында миға шабуыл сұрақтары қойылды. Жаңа сабақ бойынша мұғалім көрсетілім көрсетіп, жер сілтілік металдардың периодтық жүйедегі орны, физикалық және химиялық қасиеттер туралы айтылды. Оқушылар осы мақсатта сұрақтарға жауап беріп, бір-бірін бағалады. Оқушылар екі топқа бөлініп, бір-біріне сұрақ қою арқылы сабақтың тақырыбын ашты. Сонымен қатар, «Kahoot» платформасын пайдаланып, бес сұрақ қойылды, сұраққа телефон арқылы оқушылар жауап берді. Power point презентациясын пайдаланып, слайдпен мұғалім сабақ түсіндірді. Оқушылар кері байланыс жасап, өздерін бағалау арқылы сабаққа қорытынды жасалды. Оқулықпен жұмыстар жасалып, оқушылар тақтаға есеп шығарды.

Мұғалімнің күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспары эл.нұсқада жасақталған. Эл.күнделік уақытнда толтырылып, білім алушылардың баға қоры практикалық жұмыстардың бағалануы жүргізілген. Білім алушылардың өткен оқу жылындағы біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында қыркүйек айында тест жұмыстары жүргізіліп, қорытындыланып, анализы жүргізілген. Олқылықтармен жұмыс жасау жоспары жасақталған.

Доскаирова Бибира 11.12.2023 күні 7 сыныпқа өткізген «Горение металлов и неметаллов, образование основных и кислотных оксидов» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Орыс сыныптарына сабақ береді. Сабаққа кірген кезде оқушылармен сәлемдесіп, өткен үй тапсырмасын сұрақ жауап түрінде сұрады. Оқушылар бірінен кейін бірі жауап берді. Жаңа сабақты тақтаға жазып, толықтырып түсіндірді. Аңа сабақ бойынша тақырыпқа байланыстағы оқулықтағы тәжірибелерді бейнебаян арқылы көрсетті. Мұғалім қалған 20 минут уақытта БЖБ алды.

Оқу бағдарламасы бойынша 7-8 сыныптарда ТЖБ мен БЖБ өткізіліп бағаланған. 7 сыныптарға БЖБ, ал 8 сыныптарға БЖБ және ТЖБ талдаулары жасалған.

Мұғалімнің білімі, өзін-өзі ұтауы, сөйлеу мәнері өте жақсы. Білім алушылардың пәнге қызығушылығы да жақсы. Мұғалімнің күнтізбелік жоспары жасақталған. 7 сыныптарға аптасына 1 рет болады. Сол себептен күнтізбелік жоспардың ішінде ТЖБ салынбайтыны ескертілді. Күнделікті сабақ жоспары толық жазылғанымен, kundelik.kz баға қоры мүлдем аз.

Ұсыныс:

1. Оқу кабинеттерін заман талабына сай оқу әдістемелік құралдармен толықтыруға, химия оқу кабинеттерін ретке келтіру және зертханалық реактивтерді дайындау мен тиімді пайдаланысын;
2. БЖБ және ТЖБ тапсырмаларына 20-45 минуттық өз бетінше тапсырмаларды дайындауға және дескрипторларын оқу мақсаттарына сай құрылсын;

3. Сабақта цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдануға, оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдермен технологияларды қолдансын;
4. ҰБТ ға оқушыларды дайындау, 11 сыныпта сабақ барысында тақырыпқа сәйкес ҰБТ тапсырмаларын енгізісін;
5. Практикалық және зертханалық жұмыстардың жүргізуіне басты назар аударылсын;

Биология берілу жайы

Зерделеу барысында биология пәнінің ҚР мемлекеттік стандарт талабына сай берілу жайы, оқу бағдарламасының орындалуы, пән мұғалімдерінің кәсіби білігі, жаңартылған бағдарлама бойынша пән мұғалімдерінің сабақ беру процесі зерделенді.

Сыдыкова Гульжан Сатыбалдиевна ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Биология» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде оқу курсы аяқтады. Педагогикалық шеберлік орталығының Атырау қ. Филиалы 2019 жыл 16 шілде БЖ №006809 оқу жүктемесі жаңартылған бағдарламамн оқып жатыр.

Мұғалімнің күнтізбелік жоспары жасақталған. Эл.күнделік уақытында толтырып, білім алушылардың еңбегі бағанып отырған. Күнделік.кз те күнтізбелік жоспары құйылған. БЖБ, ТЖБ жұмыстары күнделік пен дәптер сәйкес толтырылған.

11.12.23 күні 11 «А» сыныбында өткізілген «бағаналы жасушаның этикалық аспектісі» тақырыбындағы сабаққа қатыстым. Сабақта білім алушалар үш топқа біріктіріліп өткізілді. Сабақ процессінде бағаналы жасушалардың топтарына сипаттама бере отырып, қайталады. Және бағаналы жаушаларады практикалық қолдануда, зерттеу, этикалық аспектісін сипаттады. Сабақ соңында оқушыларға бағаналы жасушаларды қолданудың пайдалы және зиянды ағы туралы ортаға пікірталас жүргізілді. Білім алушылардың тақырыпқа қызығушылығы жақсы. Мұғалімнің теориялық білім, оқушымен қарым-қатынасы, мұғалім мәдениеті өте тамаша. Сабақ соңында тақырып бойынша кері байланыс болды. Сабақта цифрлық білім беру ресурсы қолданылған жоқ, оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды пайдалануға ескерту берілді. Күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарлары бекітілген. Қолданбалы курсы 11 «Б» «Экологиялық этика» тақырыбында берілген жоспары жасақталып, бекітілген.

2023 – 2024 оқу жылында ҰБТ таңдап отырған 5 білім алушы бар.

- 11 «А» - 3 оқушы
- 11 «Б» - 2 оқушы

ҰБТ жоспары жинақталған. ҰБТ ға дайындық аптаның дүйсенбі күні еді. ҰБТ ға оқушыларды дайындау барысында, сауалнама өткен сайын қатемен жұмысты қолға алу ұсынысы айтылды.

Есекеева Кансулу 11.12.23 8 «А» сыныбында өткізген «Тыныс алу және тыныс шығару механизмі, кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкөттің маңызын. Ауа жүретін жолдағы қысымның өзгеруі» атты тақырыптағы сабағына қатыстым. Сабақ басында оқушыларға кітап, дәптер және қаламсап оқу құралдарының суреттері бар қима қағаздар берілді. Әр оқушы қима қағаздарды таңдау арқылы ұқсас құралдармен 3 топқа біріктірілді. Жаңа сабаққа түсінік қалыптастыру үшін «Тыныс алу және тыныс шығару механизмі» тақырыбына бейнебаян көрсетілді. I топ тыныс алу сызбасын сызды. II топ талдау жасап, айырмашылықтарын анықтады. III топ өкпе жұмысының әртүрлі көрсеткіштерін сызба түрде бейнеледі. Сабақ соңында «Wordwall» платформасымен қорытындылады. Оқушылар платформамен жұмыс жасауға дағдыланбаған, ынтасы төмен. Оқушылардың 20-30% ғана жауап беріп отырды.

Мұғалімнің күнтізбелік жоспары жасақталған. Эл.күнделік уақытында толтырып, білім алушылардың еңбегі бағанып отырған. Күнделік.кз те күнтізбелік жоспары құйылған. БЖБ, ТЖБ жұмыстары күнделік пен дәптер сәйкес толтырылған.

2023 – 2024 оқу жылында ҰБТ таңдап отырған 5 білім алушы бар.

- 11 «Д» - 3 оқушы
- 11 «Е» - 4 оқушы

ҰБТ жоспары жинақталған. ҰБТ ға дайындық аптаның бейсенбі күні өтеді.

Молдашева Меруерт Кенбаевна 5,6 сыныпқа жаратылыстанудан, 7 сыныптарға биология пәнінен сабақ береді. Мұғалімнің күнтізбелік жоспары жасақталған. Эл.күнделік уақытында толтырып, білім

алушылардың еңбегі бағанып отырған. Күнделік.кз те күнтізбелік жоспары құйылған. БЖБ, ТЖБ жұмыстары күнделік пен дәптер сәйкес толтырылған. Мектепте пәндік кабинеттердің жабдықталуын мектеп әкімшілігі тарапынан қолға алынсын.

Ұсыныс

1. Мұғалімдердің өзара сабаққа қатысы қолға алынсын:
2. Сабақ беруде жаңа әдіс тәсілдермен АКТ ны пайдалансын:
3. ҰБТ ға қатысатын оқушылармен дайындық жұмыстары күшейтілсін:
4. Мектепте пәндік кабинеттердің жабдықталуы қолға алынсын.

МД оқу ісі орынбасары:

 А.Кокебаева